



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№12 (10519) 17 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ

2026 жылғы 15 наурызда
республикалық референдум
өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституцияның 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.
- Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
- Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
- Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.
- Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 11 ақпан №1170.

МИЛАНДА ТОП ЖАРҒАН МИХАИЛ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘНЕРЛЕП
СЫРҒАНАУШЫ МИХАИЛ ШАЙДОРОВ
МИЛАНДАҒЫ ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА
ОЙЫНДАРЫНДА АЛТЫН МЕДАЛЬ АЛДЫ.

Қысқа бағдарламада бесінші орынға тұрақтаған спортшы еркін бағдарламада айдынында нағыз шеберлік көрсетіп, қарсыластарын шаң қаптырды. Шайдоров техникалық тұрғыда аса күрделі бес бірдей төрттік секіру элементін мінсіз орындап, 198,64 ұпай еншіледі. Қос бағдарлама қорытындысы бойынша жинаған 291,58 ұпаймен ол жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Қазақстандық спортшы жапониялық Юма Кагияма (280,06 ұпай) және тағы бір жапон спортшысы Шун Сато (274,90 ұпай) секілді мықты бәсекелестерінен басым түсті.

Шайдоров 2004 жылы 25 маусымда Алматыда дүниеге келген. Әкесі Станислав Шайдоров – 1990 жылдары Қазақстан чемпионы болған мәнерлеп сырғанаушы. Михаил алғаш рет төрт жасында мұзға шыққанымен, спорт бірден ұнай қоймаған. Біраз уақыт спорттық гимнастикамен айналысып, 11 жасында қайтадан мәнерлеп сырғанауды таңдады.

Жетістік Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихындағы екінші алтын медалі ретінде тіркелді. Бұған дейін жалғыз алтынды 1994 жылғы Олимпиадада шаңғышы Владимир Смирнов әкелген еді. Сонымен қатар Михаил Шайдоров мәнерлеп сырғанаудан тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш Олимпиада чемпионы атанып отыр. Бұған дейінгі үздік нәтиже 2014 жылғы Сочи ойындарында Денис Тен иеленген қола жүлде болатын.

Өз тілшіміз.

ТАРИХИ ТАҢДАУ АЛДЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ



ЕЛОРДАДА ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕТЕКШІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КҮШТЕРІ «ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН!» АТТЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ АЯСЫНДА БАС ҚОСТЫ. ОНЫҢ ҚҰРАМЫНА БЕС ІРІ САЯСИ ПАРТИЯ МЕН ҮШ ЖҮЗДЕН АСТАМ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ ЕНІП, МИЛЛИОНДАҒАН АЗАМАТТЫҢ ҮНІН БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРДЫ.

Жында сөз алған Мәжіліс төрағасы, коалиция жетекшісі Ерлан Қошанов жаңа Конституцияны тарихи құжат деп атап, онда адам капиталына басымдық берілгенін ерекше айтты. «Бұл – Президентіміздің жылдар бойғы ой-толғамдарының жемісі. Халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілегі мен үміт-сенімі ұштасқан тарихи құжат. Сондықтан жаңа Конституция халықпен бірге

жазылған нағыз халықтық Конституция деуге толық негіз бар. Біз келер ұрпаққа әр азамат мақтан тұтатын, өркендеген, Әділетті Қазақстанды қалдыруымыз керек», – деді Е.Қошанов.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин де жаңа заңның елдің зияткерлік, технологиялық және инновациялық дамуына серпін беретінін атап өтті.

Коалиция отырысында түрлі саяси партиялар мен қоғамдық ұйым өкілдері сөз сөйлеп, Конституция жобасының саяси жүйені жаңғыртуға, әлеуметтік кепілдіктерді нығайтуға, кәсіпкерлік пен ғылымды дамытуға бағытталған стратегиялық мәніне тоқталды. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатының орнығып, институционалдық реформалардың жүзеге асып жатқаны баяндалды.

Жаңа Конституция қоғамның сұранысына жауап ретінде ашық әрі кең талқылау нәтижесінде әзірленгені айтылды. Мындаған ұсыныс сараланып, құжат мазмұнына енгізілді.

Алдағы уақытта коалиция мүшелері өңірлерге шығып, референдум қарсаңында халықпен ашық диалог жүргізбек. Себебі әр азаматтың таңдауы – ел болашағын айқындайтын шешуші үн.

«Манғыстау» ақпарат.

ЖАҢА СТАНЦИЯ ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ҚР БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ҚАЙТАРҒАН ЗАНСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ЕСЕБІНЕН САЛЫНҒАН МАНҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ ШҰҒЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК СТАНЦИЯСЫ ҒИМАРАТЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ҚР БАС ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАБИТ САДЫРБЕКОВ, ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ТИМУР МҰРАТОВ, ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРДӘУЛЕТ КИЛЫБАЙ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

(Жалғасы 7-бетте)

• БҮГІНГІ САНДА

ЗАМАНАУИ ЛОГОПЕДИЯ
КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



» 7

РЕФЕРЕНДУМНАН КЕЙІН ЕЛ
АХУАЛЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?



» 8